

БЕКІТІЛДІ

Басқарма шешімімен

«20» 01 2025 ж.

Хаттама № 2

## **ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Құрастырған(дар):  
Тургунов Е.М.  
Омаркулов Б.К.  
Даулеткалиева Ж.А.  
Стабаева Л.М.

Келісілді:  
Карев О.В.  
Ерназарова М.А.

## 1. Жалпы ережелер

1. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ диссертациялық кеңесі (бұдан әрі – «ҚМУ» КеАҚ) докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін және Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш жасайтын алқалы орган болып табылады.

2. Берілген диссертациялық кеңес туралы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы №126 «[Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы](#)» (бұдан әрі – Үлгі ереже) бұйрығына сәйкес құрастырылған.

## 2. Терминдер мен анықтамалар

3. Осы ереженің мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдер мен анықтамалар мынадай мағынаға ие болады:

1) «ҚМУ» КеАҚ – «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам;

2) **Диссертациялық кеңес (бұдан әрі – ДК)** - докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖОО) жанындағы алқалы орган;

3) **Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор** – ғылыми - педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған адамдарға берілетін дәрежелер.

4) **Диссертациялық кеңес мүшесі** – тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар маман;

5) **Рецензент** – тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар, диссертациялық жұмысқа рецензия беретін маман;

6) **Құжаттама** - диссертациялық жұмыстарды жария талқылау және қорғау процесіне қатысты құжаттар.

## 3. Диссертациялық кеңес қызметін ұйымдастыру

4. «ҚМУ» КеАҚ-да диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі - Комитет) бұйрығы негізінде 3 (үш) күнтізбелік жыл мерзімге құрылады.

5. Ғылыми қызмет субъектісі ретінде аккредиттелген және Үлгі ережесінің 3-тармағының (бұдан әрі – серіктес ЖОО) талаптарына сәйкес келетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымымен консорциалдық келісімі бар ғылыми ұйымдарда диссертациялық кеңестер 3 (үш) күнтізбелік жылға құрылады және докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары болған жағдайда жұмыс істейді:

1) серіктес ЖОО докторанттары қатысатын мемлекеттік бюджеттен бағдарламалық - нысаналы немесе гранттық қаржыландыру шеңберінде соңғы 3 жылдағы ғылыми жобалар;

2) осы Ереженің 14 (9) тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген халықаралық рецензияланатын басылымдарда жарияланымдары бар даярлау бағыты бойынша кемінде 3 ғалым.

6. Диссертациялық кеңес төрағадан, төрағаның орынбасарынан, ғалым хатшыдан

және ДК мүшелерінен тұрады.

7. Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 7-ден (жеті) аспайтын адам кіреді.

8. Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болып табылады.

9. Диссертациялық кеңестің құрамындағы 4 (төрт) мүше тұрақты мүшелер, оның ішінде диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы тұрақты мүшелер болып табылады.

10. Диссертациялық кеңестің құрамындағы 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

11. Ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ докторантқа немесе оның ғылыми кеңесшісіне қатысы бар тұлғалар диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып тағайындала алмайды:

1) жақын туыстары – ата-аналары, балалары, асырап алушылары, аға-інілері мен апасыңділері, аталары, әжелері, немерелері, жұбайы немесе зайыбы, жекжаттары;

2) докторант немесе ғылыми кеңесші олардан қаржы немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін еңбек немесе өзге де қатынастарда тұратын ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жылда бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары;

4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде диссертацияның мазмұны жөніндегі Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялардың ғылыми кеңесшілеріне, жетекшілері болып табылған мамандар.

12. Диссертациялық кеңестің құрамына келесілер кірмейді:

1) диссертациялық кеңес құрылған ЖОО ректоры;

2) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жыл ішінде диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялардың ғылыми кеңесшілері, жетекшілері болып табылған мамандар.

13. «ҚМУ» КеАҚ жанындағы диссертациялық кеңестер құрамындағы кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болып табылады.

14. ЖЖОКБҰ жанындағы диссертациялық кеңестердің кемінде 4 (төрт) мүшесінің халықаралық ғылыми рецензияланатын журналдарда жарияланымдары болады:

1) 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) кадрларды даярлау бағыттары бойынша - Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе соңғы 5 (бес) жылда кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың кем дегенде біреуі бойынша Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланым;

2) кадрларын даярлаудың қалған бағыттары үшін соңғы 5 (бес) жыл ішінде Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арте энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелетін және Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Journal Citeishen reports) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе кем дегенде дайындық бағытына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore

(СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) басылымдарда кемінде 2 (екі) жарияланым.

15. Соңғы 5 (бес) жыл ішінде сенімді баспаларда немесе US NEWS Best Global Universities Rankings Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ - 100 (жүз) рейтингі ішіндегі университеттің баспасында жарияланған монография халықаралық рецензияланған ғылыми журналдардағы 2 (екі) ғылыми мақала ретінде есепке алынады. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа парағы тиесілі), ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

16. Тұрақты құрам және ондағы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы «ҚМУ» КеАҚ Сенатының шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

17. «ҚМУ» КеАҚ-та диссертациялық кеңестер дербес құрылады. Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат Басқарма Төрағасы -«ҚМУ» КеАҚ ректорының бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде «ҚМУ» КеАҚ интернет-ресурсында орналастырылады.

18. «ҚМУ» КеАҚ келесіні қамтамасыз етеді:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу және диссертацияларды көпшілік алдында қорғау үшін, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолдану арқылы қажетті жағдайларды;

2) мәтін алмасуды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базасы бойынша диссертацияларды тексеруді;

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығындарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығындарын өтеуді;

4) «ҚМУ» КеАҚ еңбекақы төлеу туралы ережесіне» сәйкес ДК ғалым хатшысының жұмысына бюджеттен тыс қаражат есебінен ақы төлеуді.

19. Кадрларды (мамандықтарды) даярлаудың нақты бағыты бойынша диссертациялық кеңесті жабу үшін негіз болып табылады:

1) осы кеңесте қорғалған диссертациялар жөніндегі Комитеттің докторантқа дәреже беруден бас тарту немесе диссертацияны қайта қорғауға жіберу туралы 3 (үш) және одан да көп шешімдері;

2) докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру қызметін жүргізу лицензиясынан айырылуы;

3) докторантураның білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімінің аяқталуы;

#### 4. Қызметтері

20. Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге сәйкес «ҚМУ» КеАҚ диссертациялық кеңесі туралы ереже» әзірленеді және бекітіледі.

21. Үлгі ережеге сәйкес диссертациялық кеңес келесіні орындайды:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау. Докторант осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес мамандығы мен құжаттары көрсетілген ДК жұмыс істейтін университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының атына қорғаудан өту туралы өтініш жібереді;

2) Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау. ДК-ның тұрақты құрамы диссертация тақырыбының бағытына байланысты әр отырысқа уақытша құрамды бекітеді. Диссертациялық кеңес құжаттарды

қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, диссертацияның қорғалатын күнін анықтайды және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі және докторанттың зерттеу саласындағы кемінде 5 (бес) ғылыми мақала бар екі ресми рецензентті тағайындайды. Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде Диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алады. Ресми рецензенттер ретінде тағайындалмайды:

- Комитет қызметкерлері;
- диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар бойынша докторанттың бірлескен авторлары;
- докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын диссертация орындалған және (немесе) ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ЖОО және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері;
- соңғы 3 (үш) жыл ішінде диссертация мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар;

3) диссертацияны көпшілік алдында қорғауды жүргізу;

4) диссертация бойынша шешім қабылдау.

22. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

1) объективті, толық және дұрыс мәліметтерді ұсынады;

2) диссертацияны қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми әдепті бұзу фактілеріне назар аударады;

4) шешім қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тұлғалардың ықпалынан дербес болады;

5) мүдделер қақтығысын болғызбайды және оны реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

б) қызмет процесінде кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілердің және ресми рецензенттердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздер, айыптаулар қолданбайды. Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

23. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңес Комитетке Үлгі ережесінің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті ұсынады.

24. Диссертациялық кеңес докторант ұсынған диссертацияны диссертациялық жұмыс немесе Үлгі ережесінің талаптарына сәйкес докторант жариялаған мақалалар сериясы түрінде қорғауды жүргізеді.

25. Қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін «ҚМУ» КеАҚ диссертацияны «ҚМУ» КеАҚ кафедрасының немесе Сенатының кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) алдын ала талқылауды жүргізеді.

26. Кеңейтілген отырыс өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеулері саласындағы бейіні бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жіберіледі.

27. Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі),

рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ ЖОО-ның сабақтас (туыстық) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа ұйымдардың өкілдері, практика мамандары (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады. Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Егер диссертация Дәрежелер беру қағидалардың 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда қорғауға жіберілмейді.

28. Сонымен қатар, кафедраның кеңейтілген отырысының құрамына:

1) ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар мамандар;

2) биология, медицина, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерде статистикалық әдістерді әзірлеуге және пайдалануға байланысты математикалық статистика саласындағы мамандар;

3) ЖОО ғылыми Комитетінің мүшесі.

29. Кеңесшілер болмаған кезде докторанттың диссертациясы бойынша олардың пікірлерін кафедра немесе ЖОО құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оның орынбасары оқиды.

30. Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант университеттің Басқарма Төрағасы–ректорының атына қорғайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖОО диссертациялық кеңесін көрсетсе, 10 (он) жұмыс күні ішінде докторант оқыған ЖОО оның құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді.

31. Диссертациялық кеңеске келесі құжаттар ұсынылады:

1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

2) кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;

3) қатты мұқабалы және электрондық жеткізгіштегі диссертациялық жұмыс (егер диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда);

4) ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;

5) докторант оқыған ЖОО-ның Әдеп комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы.

32. Диссертациялық жұмыс қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

33. Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларды диссертациялық кеңеске ұсынады.

34. Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы Үлгі ережесінің 5-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

35. Диссертациялық кеңес құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертацияның қорғалатын күнін анықтайды және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі және Комитеттің тізбесіне енгізілген журналдарда және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус) деректер базасында және/немесе шетелдік

рецензияланатын басылымдарда докторанттың зерттеу саласындағы кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар екі ресми рецензентті тағайындайды.

36. Қорғау күні тағайындалған күннен бастап 3 (үш) айдан аспайды. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттардың құжаттарының түсу кезектілігі сақталады.

37. Диссертациялық кеңес «ҚМУ» КеАҚ интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңес қызметі туралы келесі материалдарды орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама (тұрақты негізде қолжетімді);

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титулдық бетте тиісті белгілері бар барлық пысықталған нұсқалары (тұрақты негізде қол жетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың жарияланымдардың әрқайсысын дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы;

4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) ғылыми кеңесшілердің (қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын) қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қол жетімді пікірлері;

6) ресми рецензенттердің пікірлері (қорғаудың белгіленген күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтаждауға жол берілмейді (қорғалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғалғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

8) диссертациялық жұмысты пысықтау, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы диссертациялық кеңестің қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (бар болған жағдайда, шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

10) Үлгі ережесінің 2-қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) қорғауды өткізу күнін, уақытын, орнын өзгерту туралы және ресми рецензенттерді ауыстыру туралы хабарландыру (бар болса);

12) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

13) қолданылу мерзімдерін көрсете отырып, мәтін алмасуды анықтаудың, оның ішінде халықаралық деректер базасы бойынша лицензиялық жүйесінің болуы туралы ақпарат;

14) докторант оқыған ЖОО-ның Әдеп комиссиясының қорытындысы (Үлгі ережесінің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша);

15) бейнеконференция нысанында online (онлайн) диссертациялық кеңестің отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

38. Диссертациялық жұмысты ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырғаннан және/немесе диссертацияға қабылдағаннан кейін оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

39. ЖОО-ның интернет-ресурсында диссертацияның мазмұны бойынша бейресми пікірлерді одан әрі қорғауда ұсына отырып орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Авторлықты анықтау мүмкін емес және автордың электрондық мекенжайы жоқ бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

40. Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жібереді.

41. Ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындарының жанындағы диссертациялық кеңестерде де қорғау жөніндегі хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

42. Диссертациялық кеңес қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануына тексеру үшін диссертацияны «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді. Мұқабә беті мен пайдаланылған дереккөздердің тізімі плагиатқа тексерілмейді.

43. ҰМҒТСО диссертация түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін өзінің интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте орналастыруды қамтамасыз етеді. Диссертация тұрақты негізде қол жетімді.

44. Диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі данасы «ҚМУ» КеАҚ кітапханасына беріледі. Диссертацияның даналарын электрондық жеткізгіште қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді.

45. Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске Үлгі ережесінің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша пікірлер ұсынады.

46. Диссертацияны мақалалар сериясы түрінде қорғаған жағдайда, ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді. Егер мақаланың мазмұнының 2/3 (үштен екісі) немесе одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, ресми рецензент оны есепке алмайды.

47. Пікірлерде ресми рецензенттер келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш жасау;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертацияны мақалалар сериясы нысанында қорғау жағдайларынан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

48. Ресми рецензенттердің пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғалғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

49. Ресми рецензенттерді ауыстыру жазбаша бас тартылған немесе рецензиялауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Егер ресми рецензентті ауыстыру

туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен аз уақытта қабылданса, онда қорғау күні кейінге қалдырылады.

50. «ҚМУ» КеАҚ интернет-ресурсында ресми рецензенттердің пікірлерінде және бейресми пікірлерде ҰМҒТСО анықтамасында көрсетілген плагиат фактілері болған кезде Диссертациялық кеңес мүшелері қатарындағы комиссия (бұдан әрі - Диссертациялық кеңес комиссиясы) диссертацияны плагиатқа тексеруді жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертация қорғалғанға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей диссертациялық кеңеске ұсынылады.

51. Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей) диссертациялық кеңес докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Қабылданған шешім туралы диссертациялық кеңес докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат «ҚМУ» КеАҚ интернет-ресурсында орналастырылады.

52. Докторант қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертацияны қорғаудан алып тастау мүмкіндігіне ие.

53. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы диссертациялық кеңестің отырысында ғылыми кеңесші болып табылатын докторанттың диссертациясы қаралған жағдайда өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау төрағаның орынбасарына, төрағаның орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен мүшелерге жүктеледі.

54. Төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайларда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

55. Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғаудың толық көлемде бейнежазбасын қамтамасыз етеді, монтаждауға жол берілмейді.

56. Диссертациялық кеңестің отырысы, егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, заңды деп есептеледі.

57. Диссертациялық кеңестің ресми рецензенттері мен уақытша мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

58. Диссертациялық кеңестің мүшелері мен ресми рецензенттерге қорғауға бейнеконференция түрінде қатысуға рұқсат етіледі.

59. Диссертацияны көпшілік алдында қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде жүргізіледі.

60. Шақырылған практикалық сала мамандарына отырысқа қатысуға рұқсат етіледі (егер диссертация қолданбалы сипатта болса).

61. «ҚМУ» КеАҚ диссертациялық кеңесі докторантты, диссертациялық кеңестің мүшелерін, ресми рецензенттерді диссертацияны қорғаудан кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын диссертациялық кеңестің отырысын бейнеконференция нысанында өткізілетіні туралы электронды пошта және кеңес сайтында хабарландыру арқылы хабардар етеді.

62. Диссертациялық кеңестің отырысын бейнеконференция нысанында өткізу кезінде:

1) отырысқа қатысушыларды визуалды сәйкестендіру;

2) отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін интернет желісінде үздіксіз бейне және аудио трансляциялау;

3) отырыстың бейне және аудиожазбасы;

4) диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі.

63. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің бірін қабылдау үшін жасырын дауыс береді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге

(ерекше мәртебесі бар ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш жасауға (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертацияны диссертациялық жұмыс нысанында қорғаған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден не докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдындағы өтініштен (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) бас тарту.

64. Диссертациялық жұмыс, егер оның мәтіні бойынша түзетілуі жұмыстың мәнін өзгертпейтін елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға жіберіледі.

65. Егер диссертация Дәрежелерді беру қағидаларының 4-тармағына және/немесе 6-тармағына сәйкес келмеген және/немесе Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келген жағдайда, онда ол қайта қорғауға жіберіледі.

66. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, шынайылық қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

67. Ғылыми кеңесшілер, тікелей басшылар болып табылатын немесе докторантпен жақын туысқан диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

68. Жасырын дауыс беруге қатысатын ресми рецензенттердің дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

69. Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (немесе Комитетке беру туралы өтініш) туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысатын адамдардың 3/4 (төрттен үші) және одан да көп бөлігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

70. Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жіберуден бас тарту туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысатын адамдардың 2/3 (үштен екісі) және одан да көп бөлігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

71. Егер көрсетілген дауыс саны алынбаса, онда қайта жасырын дауыс беру өткізіледі, егер онда дауыс беруге қатысатын адамдардың көпшілігі дауыс берсе, диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

72. Қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде диссертациялық кеңес осы Үлгі ережесі мен Қағидалардың қандай талаптарына диссертация сәйкес келмейтінін көрсететін қорытынды жасайды.

73. Диссертациялық жұмысты қайта қорғау осы Үлгі ережесінде белгіленген тәртіппен алдыңғы қорғаудан кемінде 6 (алты) айдан кейін мерзімде жүргізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттердің құрамы сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

74. Пысықтауға жіберу туралы шешім қабылдаған кезде диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулерден тұратын қорытынды қабылдайды.

75. Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге ұзартуға рұқсат етілетін үш айлық мерзімде ұсынылады. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді докторанттың өтініші негізінде диссертациялық кеңес

қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген мерзімде ұсынылмаса, онда докторант қайта қорғаудан өтеді.

76. Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не ішінара келіспеген жағдайда, ол осы ескертулерге дәлелді жауаптар береді.

77. Пысықталған диссертациялық жұмыс плагиатқа тексеру үшін ҰМҒТСО-ға жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (бар болса) талқылау бойынша отырыс өткізеді. Отырыс Үлгі ережесінің 32-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте отырыстың бейнежазбасы онлайн трансляциясыз жүргізіледі.

78. Дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім көпшілік дауыспен талқыландығаннан кейін жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

79. «ҚМУ» КеАҚ диссертациялық кеңесінің ғалым хатшысы докторанттың аттестаттау ісін қалыптастырады, ол диссертациялық кеңесте докторлық диссертацияны қорғағаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) диссертацияның ҰМҒТСО-ға жіберілген күнін көрсете отырып, диссертациялық кеңес төрағасының қолымен расталған диссертациялық кеңес құрылған ЖОО бланкісіндегі ілеспе хат-өтініш;

2) электрондық жеткізгіштегі диссертация;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) плагиатқа диссертацияны тексеру бойынша ҰМҒТСО анықтамасы;

6) Үлгі ережесінің 6-қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

7) диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының (қажет болған жағдайда) төрағасы мен ғалым хатшысы қол қойған толық көлемде (электрондық жеткізгіште) бейнежазбасы және хаттама;

8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскриптінің көшірмесі;

9) Үлгі ережесінің 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәліметтер.

80. 1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке сканерленген түрде «pdf» файл форматында электрондық тасығышта (флэш-тасымалдаушы) ұсынылады.

81. Комитеттің немесе диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация Үлгі ережесінің 3-тарауында белгіленген тәртіппен қайта қорғауға ұсынылады.

82. Диссертацияны қайта қорғауға ұсынған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияда бұрын белгіленген бұзушылықтарды жою туралы қорытынды жасайтын диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесін тағайындайды. Қорытынды «ҚМУ» КеАҚ интернет-ресурсында қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және диссертацияны қорғау барысында оқылады.

83. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде диссертация қорғалған ЖОО-ға еркін нысанда береді.

84. Апелляцияны өткізу тәртібін ЖОО дербес бекітеді.

85. Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс

күні ішінде докторантқа хабарланады және «ҚМУ» КеАҚ интернет - ресурсында орналастырылады.

86. Осы ережемен реттелмеген, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, апелляция беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

**Диссертациялық кеңесі туралы ережеге  
1-қосымша**

**Қорғау үшін ДК-ға ұсынылған құжаттардың тізімі:**

- 1) Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш.
- 2) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілер пікірлері (күні, қолдары және ұйымдардың мөрлерімен расталған);
- 3) кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы (күні, қолдары және ұйымдардың мөрлерімен расталған);
- 4) қатты мұқабалы және электрондық жеткізгіштегі диссертациялық жұмыс;
- 5) ҚМУ Ф 1.4 - 04 диссертант, сенат хатшысы қол қойған және әр беті университеттің мөрімен расталған ғылыми еңбектер тізімі және олардың көшірмелері;
- 6) ҚМУ Ф 6/04-03 «ҚМУ» КеАҚ Ғылыми зерттеулерді бағалау жөніндегі әдеп комиссиясының қорытындысы (күні, қолдары және ұйымдардың мөрлерімен расталған);
- 7) үш тілдегі аннотациялар;
- 8) флэш-тасымалдаушы\*

\* Барлық құжаттар баспа түрінде де, электронды түрде де болуы керек.

УТВЕРЖДЕН

Решением Правления

« 20 » 01 2025г.

Протокол № 2

## **ПОЛОЖЕНИЕ О ДИССЕРТАЦИОННОМ СОВЕТЕ**

Составил(и):

Тургунов Е.М.

Омаркулов Б.К.

Даулеткалиева Ж.А.

Стабаева Л.М.

Согласовано:

Карев О.В.

Ерназарова М.А.

## 1. Общие положения

1. Диссертационный совет НАО «Карагандинский медицинский университет» (далее - НАО «КМУ») является коллегиальным органом, который проводит защиту диссертационных работ докторантов и ходатайствует перед Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования о присуждении ученой степени доктора философии (PhD), доктора по профилю.

2. Настоящее положение о диссертационном совете разработано в соответствии [Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 марта 2011 года №126 «Об утверждении Типового положения о диссертационном совете»](#) (далее-Типовое положение).

## 2. Термины и определения

3. Для целей настоящего положения, перечисленные ниже термины и определения будут иметь следующее значение:

1) **НАО «КМУ»** - Некоммерческое акционерное общество «Карагандинский медицинский университет»;

2) **Диссертационный совет (далее – ДС)** - коллегиальный орган при организациях высшего и/или послевузовского образования (далее – ВУЗ), которые проводят защиту диссертационных работ докторантов;

3) **Доктор философии (PhD), доктор по профилю** – степени, присуждаемые лицам, освоившим программу докторантуры по научно-педагогическому направлению или соответствующей сфере профессиональной деятельности и защитившим диссертацию в Республике Казахстан или за ее пределами, признанные в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

4) **Член Диссертационного совета** - специалист, имеющий ученую степень по соответствующей специальности;

5) **Рецензент** – специалист, имеющий ученую степень по соответствующей специальности, который предоставляет рецензию на диссертационную работу;

6) **Документация** - документы, касающиеся процесса публичного обсуждения и защиты диссертационных работ.

